

**"Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 192 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 351 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 9583 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2015 жылғы 22 мамырдағы № 473 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 22.05.2015 № 473 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 133 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. «Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 192 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9368 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 25 мамырдағы № 101 (28325) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент):  
мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

«28. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушінің

өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, оларды толтыру үлгілері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің [mvd.gov.kz](http://mvd.gov.kz), облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің интернет-ресурстарында, сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және әкімшілік полиция бөліністерінде орналасқан стендтерде о р н а л а с т ы р ы л а д ы . » ;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті (бұдан ә р і – Р е г л а м е н т ) :

мынадай мазмұндағы 34-тармақпен толықтырылсын:

«34. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, оларды толтыру үлгілері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің [mvd.gov.kz](http://mvd.gov.kz), облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің интернет-ресурстарында, сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және әкімшілік полиция бөліністерінде орналасқан стендтерде о р н а л а с т ы р ы л а д ы . » ;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асыратын тіркеуді қоспағанда, көлік құралдарын сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент):

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде ТЕБ қызметкері құжаттардың толық ұсынылғанына тексеріс жүргізеді және көрсетілетін қызметті алушыға осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдағаны туралы талон береді.»;

мынадай мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын:

«22. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимыл жасасуы дәйектілігінің нақты сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл жасасу тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, оларды толтыру үлгілері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің [mvd.gov.kz](http://mvd.gov.kz), облыстардың, Астана, Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің интернет-ресурстарында, сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және әкімшілік полиция бөліністерінде орналасқан стендтерде о р н а л а с т ы р ы л а д ы . » ;

осы Регламентке қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

« Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігі жүзеге асыратын тіркеуді  
қоспағанда, көлік құралдарын сенімхат  
бойынша басқаратын адамдарды тіркеу»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне 1-қосымша  
» ;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты

Қ.Қасымов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғы

1 6


м а у с ы м д а ғы

№ 351 б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша нысан

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**



\*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимыл жасасуы;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;




- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

К Қ - к ө л і к қ ұ р а л ы ;

ПО - ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 16 маусымдағы  
№ 351 бұйрығына  
2-қосымша  
«Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі беретін  
куәліктерді қоспағанда, азаматтарға  
жүргізуші куәліктерін беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне 3-қосымша  
нысан

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін  
куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру»  
мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**



\*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимыл жасасуы;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

К Қ - көлік құралы ;

ПО - ішкі істер органдары.

Ескертпе\* теориялық және практикалық емтиханды тапсырмаған жағдайда құжаттар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і

і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 6

м а у с ы м д а ғ ы

№

3 5 1

б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

«Қазақстан

Республикасы

Ауыл

шаруашылығы

министрлігі

жүзеге

асыратын

тіркеуді

қоспағанда,

көлік

құралдарын

сенімхат

бойынша

басқаратын

адамдарды

тіркеу»

мемлекеттік

көрсетілетін


қызмет

регламентіне 2-қосымша

нысан

**«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асыратын тіркеуді қоспағанда, көлік құралдарын сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**





ҚФБ - құрылымдық - функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөліністерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимыл жасасуы;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

К Қ - көлік құралы;

ПО - ішкі істер органдары.